

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 17 наурыздағы N 227 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 қарашадағы N 1199 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ауыл шаруашылығы секторына арналған Азия Даму Банкінің Бағдарламалық займын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 17 наурыздағы N 227 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамына ауыл шаруашылығы секторына арналған Азия Даму Банкі Бағдарламалық заемының екінші траншын өз бетінше немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы игеруді жеделдету ұсынылсын";

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Ауыл шаруашылығы секторына арналған Азия Даму Банкі Бағдарламалық займының екінші траншы ақшаларының есебінен ауыл шаруашылығы жобаларына бюджеттік несие берудің шарттары мен тәртібінде:

1-тармақтың екінші абзацында "жабық" деген сөз алынып тасталсын;

1-тармақтың екінші абзацы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Қор өз бетінше несие беруді жүзеге асырған кезде несиелік келісімге Қаржымині мен Қор арасында қол қойылады";

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Банктер немесе Қор түпкі заем алушыға (бұдан әрі - Заем алушы) тек 5 (бес) жылға дейінгі мерзімге қамтамасыз етуге жылдық 11 (он бір) процентке дейінгі мөлшердегі сыйақы (мүдде) ставкасымен АҚШ долларымен несие береді. Бұл ретте 7 (жеті) процентін Қаржы министрлігінің сыйақысы (мүддесі) құрайды. Банктер арқылы несие беру кезінде Банктердің сыйақы ставкасы (лизингтік компаниялардың қызметтерін қоса алғанда, Банктердің өз қалауы бойынша) жылдық 3,5 (үш бүтін оннан бес) процентке дейінгі және Қордың 0,5 (нөл бүтін оннан бес) процентіне дейінгі ставкасын құрайды. Қор өз бетінше несие берген жағдайда Қордың сыйақы (мүдде) ставкасы жылдық 4 (төрт) процентіне дейінгі ставканы құрайды. Өз бетінше несие берген кезде Қордың несие қаражатын қайтару тәртібі Қаржымині мен қарыз алушы ретіндегі Қор арасында жасалатын несиелік келісіммен белгіленеді.";

8-тармақта "банкке" деген сөзден кейін "немесе Қорға" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

9-тармақта "Банктерге", "Банктер" деген сөздерден кейін "немесе Қорға", "немесе Қорлар" деген сөздермен толықтырылсын;

12-тармақ "арасында" деген сөзден кейін "Қор өз бетінше несие берген жағдайда Қаржымині мен Қор арасында" деген сөздермен толықтырылсын;

14-тармақта "Банктер" деген сөзден кейін "немесе Қор" деген сөздермен толықтырылсын;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Ауыл шаруашылығы секторына арналған Азия Даму Банкі Бағдарламалық займының уақытша басы бос қаражаттарын орналастыру туралы ережеде:

1-тармақта "ЖАҚ" деген аббревиатура "АҚ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі